


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ежелгі орыс тарихи шығармалары





Дәрістің жоспары:

1. Ежелгі орыс тарихи шығармалар (XI—XVII ғғ.)
2. Ерте Жаңа дәурдегі тарихи білімнің дамуы. XVII ғ. ғылыми революция және тарихи білім.

Дәрістің негізгі идеялары: Русь мемлекетінде тарихи жазбалар тарихи әңгімелердің нәтижесінде пайда болды. «Жылнамалық жинақ» - «Летописный свод» ежелгі орыс авторларының шығармашылық қызметтерінің ерекшелігін анықтады. Орыс жылнамашылары үшін ақпарат көзі византиялық хронографтар болды. Кейінірек олар орыс хронографтарының пайда болуына түрткі болды.

XVI-XVII ғғ. еуропалық мәдениетте орта ғасырларда және Ренессанс дәуірінде ғылымның даму дәстүрінен ерекшеленетін таным принциптері қалыптасты.

Дәрістің негізгі цитаталары:

«Ағартушылар ең алдымен тарихи шығарманы билікті, саяси ұстанымдарды немесе жалған пікірлерді сынауда еркін ақыл жаттығуы ретінде қарастырды. Тарихшының рөлі туралы көзқарас та өзгеріске ұшырады. Бұдан былай, оның міндеті ақыл-ойды еркін қолдануға негізделген интерпретацияларды ұсыну, болып жатқан оқиғалар тек үздіксіз тарихи процесс барысында танылады деген ойды сенімдікпен нығайтқан реформаторлық идеяларды батыл айту болып табылады» (Гвидо Аббаттиста)

«Батыс, өзін және өзінің бостандығын қайтадан ұғынған, өз ой-пікірлеріне сенімді, кез келген ортодоксияға күмәнданатын, өзінен жоғары тұрған адамдарға қарсы шығатын, өзінің сенімі мен іс-әрекетіне жауапты, классикалық ежелгіге ғашық болған, бірақ одан да көп өзінің ұлы болашағына адал... өз ақыл-ойының табиғатты тани алатынына оны өзіне бағындыру қабілетіне сенімді жаңа адамның туылғанын көрді» (Ричард Тарнас)


Ежелгі орыс тарихи шығармалары (XI—XVII ғғ.)

Ежелгі орыс тарихи шығармалары ежелгі орыс жазба мәдениетінің пайда болуы мен дамуы барысында жарық көре бастапты. Оған дейін өткенді есте сақтау, ауызша аңыздар, әңгімелер арқылы жеткізу дәстүрі болған екен. Бұл ауызша аңыздар мен әңгімелер ежелгі жазба шығармаларының құрамына кірді. XVI ғасырдың ортасына дейін ежелгі орыс тарихи шығармаларының негізгі түрлері мыналар болды:

- жылнамалар;
- Византияда шыққан аударма тарихи шығармалары-хронографтар;
- князьдер, шайқастар туралы, қасиетті адамдардың өмірлері туралы әңгімелер.

Византиялық хронографтар тек орыс жылнамашылары үшін ақпарат көзі ғана болып қалмай, кейінірек орыс хронографтарының пайда болуына түрткі болды. Орыс хронографтары XVII ғасырда танымал бола бастады. Осы кезден бастап тарихи әңгімелер мен ертегілердің елеулі саны жылнамалардың құрамына кірді. Негізінде, жылнама жүргізу Русь мемлекетінде XI-XVIII ғғ болған екен. Бұл жеке оқиғалар туралы қысқа жазбалар еді. Олар болған оқиғаны формалды фиксациямен шектелді.

Жеке тұлғаларға арналған немесе оқиғалар барысын баяндаған жазбалар жылнамалардың құрамына тікелей немесе қайта енгізілген тарихи әңгімелердің нәтижесінде пайда болды. Бүгінгі күнге дейін жеткен қолжазбалар жеке шежірелердің бастапқы мазмұнын көрсетпейді. Олар авторлар жаңа жазбалармен жалғастырған жылнамалық жинақтар.



«Жылнамалық жинақ» - «Летописный свод» - деген ұғым ежелгі орыс авторларының шығармашылық қызметтерінің ерекшелігін анықтайды. Ежелгі орыс авторлары өз қызметтерін олардың алдындағы ізашарлары бастаған еңбектің жалғасы деп санады.

Олар ізашарлардың қалдырған мәліметтерін, шығармаларын редакциялауы. Ол тарихи деректердің көлемі қысқартылды, немесе ол деректерге жаңа мәліметтер қосылды. Дереккөздің тағы бір түрлері ол жылнамалық жинақтар, хронографтар, жазбаша немесе ресми жазбаша құжаттар болды. Жылнамалар



орыс князьдерінің сарайларында және шіркеу мекемелерінде — монастырьдарда, шіркеу кеңселерінде жазылды. Жылнамалар шіркеу немесе саяси элитаның тапсырысымен құрастырылды. Сондықтан, олар көбінесе оқиғаның мазмұнын баяндауда немесе жекелеген оқиғаларды бағалауда бір-біріне қарама қайшы пікірлерді білдірді. Бұл, жылнамалар тапсырыс берушілердің позициясын көрсету керек болғандықтан туындаған жағдай.

Зерттеушілер жылнамалардың жанрлық біртектілік (гетерогендік), функциялардың алуан түрлілігі және әдеби әмбебаптығы сияқты белгілерін атап өтеді. Жылнамажазушылар жылнаманы құрастыру (құрғақ жазбалар) мен әдеби өнімнің өзге де түрлері арасында айырмашылықтар жасамады. Сондықтан, жылнама шежірелері әдеби жинақтар сияқты құрастырылды. Бұл жинақтар жеке авторларға немесе редакторларға қол жетімді мәтіндер немесе ауызша әңгімелер арқылы еркін кеңейтілуі және толықтырылуы мүмкін болды. Бұл - жылнама шежірелері ежелгі орыс әдебиетінің негізгі және әмбебап түрі болғандығына дәлел.

Авторлар жылнамаларды әмбебап және жан-жақты қамтитын туындылар ретінде қабылдаған. Әрбір жылнамажазушы өзінің рөлін оған дейін жазылған шығарманың жалғастырушы және редакторы ретінде сезінді. Белгілі бір аумақтармен, шіркеумен немесе князь сарайымен байланысты оқиғалар мен кейіпкерлер туралы мәліметтерді жинап, жылнамажазушылар оларды міндетті түрде өткен «тарих» контекстіне жазып отырды. Ерттеректе жазылған туындылардың жаңартылған түрлері жаңа жеке шығарма деп саналмаған. Осы көрініс ежелгі орыс жылнама шежіресінің ежелгі немесе византиялық және еуропалық тарих жазу тәжірибесінен принциптік айырмашылығы болды.

Осындай тарихнама дәстүрі Русь мемлекетінде авторлық тарихи шығарма моделінің болғандығына дәлел. Авторлар ізашалардың еңбектерін пайдаланды бірақ бұл оларға өткен тарихтың өз нұсқасын жасауға кедергі келтірмеді. Ежелгі орыс жылнамажазушысы өзінің алдында болған авторлардың анонимді жалғастырушысы болды. Ол тарихи мәтіннің мәні мен мазмұны бойынша әмбебап түрде жасалуына өз үлесін қосты.

Ежелгі орыс жылнамасы өзінің функциялары бойынша өткен тарих туралы шынайы әңгіме құру және заманауи оқиғалардың түпнұсқасын жазу прагматикалық міндеттерінің шегінен шығып кетті. Шынайы әңгіме құру және заманауи оқиғалардың түпнұсқасын жазу антикалық дәстүрмен құрылған тарихтың міндеті еді. Тарихты жазу әдеби шығармашылық қызметтің ерекше түрі деген көзқараспен Латын Еуропа тарихшылары да қабылдаған болатын. Бұл тарихи шығармалардың жанрлық шекарасын сақтауға және оларды діни-моралдық немесе әдеби-қызықты туындылармен және ресми құжаттармен араластырмауға мүмкіндік берді.

Ежелгі орыс жылнамасы функцияларының жүйесі де ерекше болып келді. Ол ерекшілік - өткен тарихты шынайы баяндау діни, дидактикалық және прагматикалық сипаттағы функциялар арқылы іске асты.

Тарихи шығармалар, соның ішінде аудармалы византиялық хроникалар негізінде жасалған компиляцияларды да қоса алғанда, дін ілімі ретінде қарастырылды. Олар Библия тарихының негізгі оқиғаларының очеркілерінен құрастырылған болатын және оқырманды эсхатологиялық процесс мәселесімен таныстырды. Библиядағы эсхатологиялық процесс деп – адамзаттың өмірге келген уақытынан (Творение) Қиямет күнгі сотқа (Страшный суд) дейінгі дамуын айтады.




«Повесть временных лет» (XII ғ. басы) деген атауды алған бірінші орыс жылнамасынан бастап, тарихты жазу тәжірибесіне Библия тарихын қысқаша баяндаумен нақты оқиғалар туралы әңгімелеу ережесі енді. Бұл очерктер Ветхий Завет және Новый Заветте сипатталған оқиғаларды жалпы қатарға қойды. Сондықтан орыс жерінің тарихы Қасиетті тарихтың жалғасы және бөлігі болды. Қасиетті тарих деген ұғымның мәні Құдаймен таңдалған немесе қабылданмаған халықтардың бейнелерін суреттеу. «Таңдалған халық» деген ұғым ежелгі әдебиеттегі Русьдің тарихи-діни бірегейлігін күшейтуге бағытталған орталық идея болды.

«Орыс жерінің» және «орыс халқының» «Құдай таңдаған жер мен халық» деген сипаттамалары XI — XII ғ. екінші жартысында моңғол кезеңіне дейінгі алғашқы бірегей-оригинал жазба ескерткіштерде тұжырымдалды.



Бұл митрополит Иларионның «Слово о законе и благодати» - «Заң және рақым туралы сөз» және « О житиях Бориса и Глеба» - «Борис және Глеб өмірі», «Повести временных лет» - «Уақыт жылдарының повестері» сияқты еңбектері болды.



Ежелгі орыс жылнамалық дәстүрінде Библия тарихының кез келген оқиғасы киелі құбылыс деп саналды. Бұл отандық тарихтың өзекті оқиғаларына қасиетті мағына берді. Орыс жылнамаларында нақты тарихи кейіпкерлер немесе ұлттық тарихтың жекелеген оқиғалары Библияда айтылған кейіпкерлерге және оқиғаларға нақты икемделуі тән болып келді. Библиядан алынған цитаталар немесе оны түсіндіретін мәтіндер жиі нақты оқиғаларды алмастырып отырды. Нақты оқиғалар Библия прототиптерінің өмірдегі көрінісі деп қабылданды. Бұл ежелгі орыс ғылыми дәстүрінің тарихи санасында мифологиялық парадигманың болғанын куәландырады.

Ежелгі орыс шежіресінің ерекшелігіне байланысты оның шығу тегі туралы, яғни бұрынғы дәстүрмен генетикалық байланыстар туралы мәселе туындайды.

Византия тарихнамасының жекелеген жазба ескерткіштері Болгарияда ежелгі орыс әдебиеті қалыптасқанға дейін шіркеу-славян тіліне аударылған болатын. Олар Киев Русьне діни және әдеби мәтіндер кешенімен жеткен.

Мүмкін, кейбір византиялық тарихи шығармалардың аудармасы XI ғасырда Ежелгі Русьте орындалған. Бұл шығармалар негізінен дүниежүзілік тарихты баяндаған көшірме түрінде болды. Жылнамалардың пайда болуы византиялық жазба ескерткіштерінің аудармалары болған ежелгі орыс жазба және әдеби дәстүрінің қалыптасуымен байланысты болды. Мәліметтер хронографтардан алынды, бірақ орыс жылнамалары осы дәстүрдің тікелей жалғасы болған жоқ.

Тарихи жазбалар жазу тәжірибесі 16 ғасырдың соңында аяқталды. Бұл жылнама шежірелерінің жазылуының тоқтатылуына себеп болды. Енді тарихи шығармалардың негізгі нысаны хронографтар болды.

Орыс жылнамасының бастауын жергілікті жазбаша дәстүрде іздеу керек. Жергілікті жазбаша дәстүрге шіркеулердің іскерлік жазбаларының тәжірибесін, орыс тарихының бастапқы оқиғалары туралы монотематикалық әңгімелерді құрастыруды жатқызуға болады.

Древнерусские книги



Ғалымдар бірінші орыс жылнамасы XI ғасырдың бірінші жартысында жасалған осындай монотематикалық тарихи әңгімелердің негізінде пайда болды деген болжамды атап өтеді. Бұл ең ерте айпараны, тарихи әңгімені ғалымдар әртүрлі атайды:

- Алексей Александрович Шахматов оны - «Древнейший свод» - «Ежелгі жинақ» деп атады;
- Михаил Николаевич Тихомиров - «Повесть о начале Русской земли» - «Орыс жерінің бастауы туралы повесть» деп атады;
- Дмитрий Сергеевич Лихачев - «Сказание о первоначальном распространении христианства на Руси» - «Русьтегі христиандықтың бастапқы таралуы туралы» деп атады.


Бұл ежелгі әңгімеде Киевтің және бірінші орыс князьдерінің пайда болуы туралы ауызша аңыз жинағы, христиандықты енгізу туралы немесе алғашқы христиан князьдері Ольгдан Ярославқа дейінгі кезең туралы баяндаулар деп түсіндіріледі. Мұндай бастапқы әңгімелік ядроның болуы туралы гипотеза жылнаманың - тарихи жадты бекітудің ерекше түрі ретінде қалыптасу механизмдерін түсіндірмейді.



Шежіре тарихында бірнеше кезеңдерді атап өтуге болады:
Бірінші кезең: Киевтік шежіре кезеңі. XI ғасырдың соңында Киевте құрастырылған бірінші шежіремен байланысты болды. Ол XII ғасырдың басында өңделген шежірелік шығарма — «Повесть временных лет»

Екінші кезең: XII ғасырдың екінші жартысында басталды. Жергілікті жылнамалардың қалыптасу кезі. Ол жекелеген қалалар мен Киев Русі туралы жылнамалар еді.


Сол кезде жасалған жылнамалар жергілікті маңызы бар оқиғалар мен кейіпкерлерге үлкен қызығушылықтың, ақпараттың толыққанды және шынайы болуымен ерекшеленді. Шежірелер жалпы орыс жылнамасы сипатын сақтап қалды, өйткені жергілікті тарих ежелгі орыс мәдени және саяси кеңістігінің өткеніне және шын мәнісіне қатысты окшауланбаған. Орыс шежіресі өзін тек қана бірыңғай және жалпы тарихи жад жүйесінде қабылдады.



Үшінші кезең: бұл кезең Мәскеудегі ұлы князь билігінің күшеюімен және Мәскеу саяси және мемлекеттік құрылымның қалыптасуының басталуымен атап өтілді. Бұл Мәскеу шежіресінің орыс тарихы туралы ресми дерекке айналуына себеп болды.

Мәскеу және оның билеушілері Киев княздерінің тікелей мұрагерлері, ал олар құрған мемлекет — Ежелгі Киев Русінің жалғасы болып табылды.

Мәскеу патшалығының ресми тарихының маңызды жазба ескерткіштері қатарында Иван Грозный кезінде жасалған көптомдық жылнамалық «Лицевой свод» - «Жеке жинақтау» және «Степенная книга» - «Дала кітабы» бар. Бұл бірінші Киев князьдерінің тұқымдары болған Мәскеу билеушілерінің әулеттік тарихы туралы кітаптар еді.



Иван Грозныйдың көтерілісі кезінде 1568-1576 жж. жасалған «Лицевой свод» - «Жеке жинақтау» Мәскеу және жалпы орыс жылнамалық дәстүрінің монументалды туындысы болды. Ол Дүниенің жаратылуынан (Сотворение мира) XV ғ. дейін жалпы тарих туралы әңгіме. Бұл жылнамада орыс тарихының ең бастапқы кезінен Иван Грозныйдың басқару уақытына дейінгі оқиғалар баяндалған. Бұл кітапта Библиядағы тарихи әңгімелерден бастап көптеген хронографтарға дейінгі аса маңызды аудармалы шығармалар жинақталған. Иван Грозныйдың өзі басқарған кездегі Патшалық туралы тарихи баяндауларды редакциялауға тікелей қатысуы, сол кезде Русь мемлекетінде тарихты биліктің нығаю көзі ретінде — саяси және мемлекеттік идеологияның құралы ретінде қабылдануының көрінісі болып табылады.

Жалпы орыс шежіре жазу дәстүрі хронографтарға «жол беріп», енді жергілікті провинциялық жылнама жазу түрінде өз өмірін жалғастырды.


Әрі қарай дәрісімізді ерте Жаңа дәурдегі тарихи білімнің дамуы қалай болғандығы туралы жалғастырайық. «Ағартушылар ең алдымен тарихи шығарманы билікті, саяси ұстанымдарды немесе жалған пікірлерді сынауда еркін ақыл жаттығуы ретінде қарастырды. Тарихшының рөлі туралы қозғарас та өзгеріске ұшырады. Бұдан былай, оның міндеті ақыл-ойды еркін қолдануға негізделген интерпретацияларды ұсыну, болып жатқан оқиғалар тек үздіксіз тарихи процесс барысында танылады деген ойды сенімдікпен нығайтқан реформаторлық идеяларды батыл айту болып табылады» бұл Гвидо Аббаттистаның Жаңа



дәурдегі ағартушы-тарихшылардың ерекшелігін суреттеген сөздері екен. Осындай пікірдің пайда болуына сол кездегі қалыптасқан тарихи жағдай себеп болған еді. Жаңа дәуір – XVII ғасырдан басталды. Ал, бұл ғасыр ғылыми төңкеріс болған, адамзат тарихының жаңа сатысына өту кезеңі еді. Сонымен, XVII ғасырда ғылыми революция кезінде тарихи білім қалай дамыды?


Қазіргі зерттеушілер XVI—XVII ғғ. еуропалық тарих кезеңін ерте жаңа кезең ретінде сипаттайды. Бұл саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірдің жаңа формаларының қалыптасу кезеңі болды. Ерте жаңа кезеңде дүниетану жүйесінде, белгілі және ықтималдық білім шеңберінің кеңейуі барысында терең өзгерістер болды. Ричард Тарнас осы кезең адамдарын осылай сипаттады «Батыс, өзін және өзінің бостандығын қайтадан ұғынған, өз ой-пікірлеріне сенімді, кез келген ортодоксияға күмәнданатын, өзінен жоғары тұрған адамдарға қарсы шығатын, өзінің сенімі мен іс-әрекетіне жауапты, классикалық ежелгіге ғашық болған, бірақ одан да көп өзінің ұлы болашағына адал... өз ақыл-ойының табиғатты тани алатынына оны өзіне бағындыру қабілетіне сенімді жаңа адамның туылғанын көрді».

XVI-XVII ғғ. еуропалық мәдениетте орта ғасырларда және Ренессанс дәуірінде ғылымның даму дәстүрінен ерекшеленетін таным принциптері қалыптасты. Әлем мен адам туралы түсінік жүйесін өзгерткен кең интеллектуалдық қозғалыс пайда болды. Жаратылыстану пәндерінің, тарихи, саяси, қоғамдық, философиялық жүйелердің негіздері қайта анықталды. Бұл ғасыр ғылыми революция ғасыры деп аталды. Осы кезеңнің шекарасын 1543 ж. бастауға болады деп пайымдайды зерттеушілер.



Дәл осы жылы Николай Коперниктің «Аспан салаларының айналымы туралы» еңбегі жарыққа шықты. Сонымен, XVII ғ болған ең жарқын ғылыми ашулар мен өзгерістер, ол 1543 жылы Николай Коперниктің «Аспан салаларының айналымы туралы» еңбегі жарыққа шықты.

Исаак Ньютон 1687 жылы «Табиғи философияның математикалық бастаулары» деген еңбегін жариялады.



Коперниктің, Галилейдің, Кеплердің, Декарттін, Ньютонның және де басқа ерте жаңа замандағы зияткерлік мәдениеттің ғалымдарының арқасында дүниенің біртұтас ғылыми-жаратылыстану бейнесі пайда болды.

Бірте - бірте Аристотель физикасына және Птолемей астрономиялық теориясына негізделген жылжымайтын Жердің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы ортағасырлық түсініктер өзгертілді.

Ой тұжырым құрылымының принциптері өзгере бастады. Символдар мен бірдейліктер, аллегорлық және моральдық мағыналардың орнына тәжірибе, болып жатқан процестердің себептері мен салдарларын эмпирикалық ұтымды түсіндіру маңызды болды.

Еуропада жаңа ғылым бейнесі қалыптаса бастады. Енді ғылым жеке «ағартушы астролог» немесе Аристотельдің ғылыми еңбектерінің комментаторы ғана емес, енді ғылым ғалымдардың тәуелсіз қауымдастығының еңбегінің нәтижесі ретінде болды. Бұл ғалымдар зерттеудің қатаң әдісін басшылыққа ала отырып, өз еңбектерінің нәтижелерін ашық көрсетті. Ғылыми таным - табиғат әлемін эксперименттік зерттеу ретінде түсінілді. Бұл қоғамға тек пайда әкелетін шындықты табу процесі болды. Ғылым діннен бөлек, ғылыми әдіске сүйеніп, өзін-өзі тексеруге дайын және ғалымдардың ұжымдық еңбектерінің нәтижесі болды.



Ғылым Римдегі Линче академиясы

Лондонское королевское общество



Лондондық Корольдік Ғылыми Қоғам

Франциядағы Корольдік Ғылым академиясы және тб осылар сияқты жаңа құрылымдарды құруды талап етті. Ерте жаңа заман философтары білімді құру принциптеріне ерекше назар аударды. Олар физикада, математикада, медицинада, әлеуметтік ғылымдарда зерттеудің жаңа әдістерін негіздеді.



Бұл ретте тарих мораль мен саясатқа байланысты білім ретінде жаратылыстану пәндерінің тізіміне өте сирек кіріп отырған.


Ағылшын философы, тарихшы, ғалым, мемлекет қайраткері ФРЭНСИС БЭКОН (1561-1626 жж.) сол дәуірдің адамына қолжетімді білімнің барлық жүйесін асыра бағалауға тырысты. Ол ғылымды жүйелендіруде басшылыққа өз пайымдамасын ұсынды. Бэкон ақиқатты табуда өзіндік әдістерін жасады. Оның басты еңбегі «Новый органон, или Великое восстановление наук» - «Жаңа органон, немесе ғылымдардың ұлы қалпына келуі» (1620 деген шығарма. Бэконның ойынша, өткен кезеңдегі философтар мен ғалымдардың іс-әрекеті жалған негізге салынды. Ежелгі заманда Сократ білімді рақымшылдықпен байланыстырды. Сократқа қарама қарсы Бэкон, білімді адам ғана ұлы күшке ие деп есептейді.



Бэконның ойы бойынша ғылыми білім адамға рухани ілгерілеуге практикалық пайда әкелуі тиіс деп есептеді. Зерттеудің эмпирикалық әдісі бақылау мен тәжірибенің мәнін көрсетті.

Өз еңбектерінде Бэкон тарих пен тәжірибелік жаратылыстану-ғылыми білімінің бірлігі туралы жазды. Бұл одақтың пайдасына Бэкон осындай дәлел келтірді: тарих та, жаратылыстану-ғылыми білім де адамның есте сақтау қабілетіне сәйкес. Ал жады жеке және дара іс. Азаматтық тарих та, табиғи өз жолымен дамыған тарих та бірлі-жарым оқиғаларды зерттеумен айналысты. Табиғат құбылыстарын және өткен оқиғаларды зерттеу арасында, айтарлықтай, принципті айырмашылық болған жоқ. Бақылаудың соңында шешімдер мен пайымдаулар жүрді. Құжаттық тұрғыдан нығайтылған фактілерден алынған білім философтың айтуынша, практика үшін шынайы құндылық болып табылады.

Англияда Бэконның шығармалары жаңа ғылымның сипаты мен тұрпатына үлкен әсерін тигізді. Көптеген ғалымдар оның жұмысын жалғастырғысы келді. Бірақ, тарихнамада аналитикалық және эксперименттік әдістерді қолданған зерттеушілердің саны аз болды.



Француз математигі, философ РЕНЕ ДЕКАРТтың (1596-1650) «Рассуждения о методе» - «Әдіс туралы пікір» (1637) және «Начала философии» - «Философияның бастауы» (1644) шығармалары танымал болды. Декарттың еңбектері әлемнің рационалды механикалық бейнесін қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Декарт пен оның ізбасарлары — **картезиандықтар** (фр. cartysien — Декарттың-Cartesius тегінің латинизацияланған түрі) тарих жазу практикасына және өткен туралы сенімді білім алу мүмкіндігіне күмәнмен қарады.

Декарттың негізгі идеяларының бірі: ақылды, зерттеуге ұмтылысы бар ғалым мен оған ұсынылып отырған Ұлы әлем кітабы арасындағы шекараны белгілеу керек. Зерттеушінің өзі субъект, ал әлем - зерттеу объектісі болып табылады. Декарттың бұл идеясы кейіннен XVIII—XIX ғғ. аяғындағы ғылым мен кәсіби тарихи білім негізінде таным тәсілін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл мүмкін болды, себебі философияда сол уақытта екі түрлі шындықтың ой тамыры болған еді — ол айғақ пен білім. Бұл екі шындықты Галилей «Священное Писание» - «Қасиетті жазулар» және «Книга природы» - «Табиғат туралы кітап» деген кітаптардың образында айқындаған екен.. Осы логикаға сәйкес, ғылым мен сенім-үйлесімді, бірақ олардың мәні, мағынасы, тілдері, әдістері — автономды болып келеді.

Философиядағы және жаратылыстану ғылымдарындағы жаңашылдықтар — физика, математика, астрономия, анатомия, механикада — XVII ғ. интеллектуалдық мәдениетке елеулі әсер етті. Табиғатты зерттеудің көптеген принциптері қоғамды, оның тарихын түсіну үшін әмбебап ретінде қарастырыла бастады. Жаратылыстану ғылымдары, олардың нақты білімге ұмтылуымен басқа пәндердің үлгісі болды. XVII ғасырда қоғамды зерттейтін философтар табиғи заңдар туралы бірқатар идеяларды ұсынды. Табиғат заңдары сияқты бұл заңдарды адамдар зерттеп те және пайдаланып та алады. Табиғат пен адамның материалдық бірлігі идеяларынан ауытқып, философтар математика мен физикаға бағытталған қоғам туралы ғылым жасауға тырысты. Бұл ғылым әлеуметтік физика деп аталады. Мұндай теориялардың бастапқы пункті тарихи мәнмәтіннен тыс алынған жеке, оқшауланған адам туралы түсінік еді. Қоғам индивидтердің саны ретінде түсіндіріледі. Индивидтерге адам табиғатынан шыққан қасиеттер берілген. Осылайша, голланд философы және заңгері ГУГО ГРОЦИЯның (1583-1645) ойынша, адамдар бастапқыда қарым-қатынасқа ұмтылып, нәтижесінде олардың бірігуі мүмкін болды деп есептеді. Ағылшын философы ТОМАС ГОББС (1588-1679) Гуго Гроцияға қарама-қайшы пікір айтты. Оның ойы бойынша – адамдарға бір-бірлерін қабылдамау мінезі тән. Сондықтан, мемлекеттің құрылуына дейін, адамдар дамылсыз «барлығы барлығына қарсы соғыс» жүргізді. Индивидтің қасиеттерінен әлеуметтік механиканың салдары мен заңдары шықты. Әлеуметтік механика мемлекеттік құрылым мен оның тарихын түсіндірді. XVII философтарының негізгі ойлары:

- қоғамның құрылуы кезінде адамдардың өзара қоғамдық келісім-шарттың жасасқандарының нәтижесі.
- мемлекет заңдары адамның табиғи құқық негізінде құрылуы тиіс.

Әлеуметтік және философиялық еңбектерде осы теориялардың кең таралуына қарамастан, тарихи шығармаларға бұл теориялар өте баяу енді. Бұл теориялар қоғамның өткен тарихы туралы білім жүйесіне тек келесі жүзжылдықта ғана елеулі әсер етті.

Тарих XVII ғасырда адам, қоғам, әлем туралы білімнің салаларынан толық бөлінбеген еді. Бұл кезде тарих дербес пән ретінде қалыптаспаған. Өткенді зерттеу көбінесе әдебиетпен, риторикамен байланысты болды. Университеттерде тарихты игеру ежелгі тілдерді зерттеуде қолданбалы сипатқа ие болды. Антикалық әдебиетке деген қызығушылық толқынында өткен тарих кезеңдеріне де назар аударылды. Грек және Рим тарихының оқиғалары туралы әңгімелер ежелгі жазушылардың шығармаларына түсінік-комментарий ретінде жиі кездесті. Тарихи шығармалардан моральдық сабақтар, типтік шындық, саяси шешімдер мысалдары алынды. Сонымен қоса, XVII ғасырда тарихты зерттеу даналықтың қазынасы ретінде түсіндірілді.



Оксфорд және Кембридже алғашқы азаматтық тарихтың кафедралары ашылды. XVII ғасырда өткен туралы білім қоғамдағы саяси күрестің маңызды факторы болды.

ФРЭНСИС БЭКОН

НОВАЯ
АТЛАНТИДА
ОПЫТЫ И НАСТАВЛЕНИЯ
НРАВСТВЕННЫЕ
И ПОЛИТИЧЕСКИЕ

ПЕРЕВОД
З.Е. АЛЕКСАНДРОВОЙ
СТАТЬИ И ПРИМЕЧАНИЯ
Ф.А. КОТЛАН-БЕРНШТЕЙН




ИЗДАТЕЛЬСТВО АКАДЕМИИ НАУК СССР
М О С К В А

1 9 5 4

Ғылымды жіктей отырып, Бэкон тарихи білімнің қалыптасқан бағыттарын «кемелденген» және «кемелсіз» тарих ретінде сипаттады. «Кемелденген» тарихқа саяси тарихнама — хроника, ұлы тұлғалар, олардың моральдық, дидактикалық тұрғыда қалыптасқан мемлекеттік әрекеттері туралы өмір сүруі мен әңгімелері жатады. Орта ғасырлық хроника, ауызша куәліктер, естеліктер дерек көздері ретінде болды.

Саяси және саяси-заң тарихы бойынша шығармалар авторлары кейде өздерінің еңбектерін тәжірибелік және нақты ғылымдардың эталонына бағдарлай отырып, жаратылыстану-ғылыми және математикалық білімдерімен байланыстырды. Алайда, олар гуманистік тарихнама үлгілеріне бейілділік көрсетті.



Бэконның өзі — «История Генриха VII» - «Генрих VII-нің тарихы» шығармасының авторы болды (1621). Бэкон бұл еңбекті Алқызыл мен Ақ раушандардың соғысының аяқталуы мен Англия мен Шотландияның біртұтас монархы I Яковтің билігімен бірігуі арасындағы кезенді Англия тарихының басы ретінде ойластырды. Автор Тюдор әулетін тарихтағы орнын ұлғайту үшін, оның бірінші өкілі, Генрих VII-нің образы арқылы патшаның дана басқару принциптерін қарастыруға ұмтылды. Тарихи әңгіме билеушінің тұлғасы айналасында болып жатқан оқиғаларды сипаттайды.

Бэкон Қайта өрлеу дәуірінде дамыған тарих ғылымын құқық тарихы бойынша материалдармен қосып, оның дәстүрлі шеңберін бірнешеге кеңейтті.

Осы тұста бүгінгі лекциямызды аяқтаймыз. Тарихтың бірте-бірте ғылымның жекелеген саласы ретінде қалай ерекшеленгенін келесі сабақта жалғастырамыз. Келесі кездескенше, сау болындар.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П.



- Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
 11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
 12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
 13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
 14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
 15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
 16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
 17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
 18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
 19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
 20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
 21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
 22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
 23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
 24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
 25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
 26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.